

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы

Биохимия,биология және микробиология
кафедрасы

**ТАҚЫРЫБЫ : *ОППОРТУНИСТТІК МИКОБАКТЕРИОЗДАР,
МИКОЗДАР.
МИКОБАКТЕРИОЗ ЖӘНЕ МИКОЗДАРДЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫ.***

Орындаған: 401 «А» МПД

Қабылдаған: Алимжанова Г.Т.

ЖОСПАР

- ? I.Кіріспе
- ? II.Негізгі бөлім
 - ? 1.Микоздар
 - ? 2.Микобактериоздар
 - ? 3.Микобактериз бен микоздың микробиологиялық диагностикасы
- ? III.Қорытынды
- ? IV.Пайдаланылған әдебиеттер



МИКОБАКТЕРИОЗДАР

- ? Микобактериоздар- патогенді микобактериялармен байланысты аурулар. Клиникалық көрінісі бойынша бұл ауру өкпе туберкулезіне ұқсас. Дегенмен, өкпе сыртылық формасы да кездеседі. Туберкулез қоздырғышына қарағанда микобактериялар оппортунистік инфекция шақырады. Микобактериоз қоздырғышы арасында көп кездесетіндері *M. avium*, *M. avium complex*, *M. kansasii*, *M. fortuitum*, *M. helonaе*, *M. marinum*, *M. ulcerans*.



- ? Морфологиялық және физиологиялық қасиеттері бойынша басқа микобактерияларға ұқсас болып табылады, яғни қышқылға тұрақты, полиморфты таяқшалы болып келеді. Пигмент түзушілігі, мінезі және өсу жылдамдығына қарай оларды 4 топқа бөледі.
- ? Ұзақ мерзімге созылған аурулар, онкологиялық аурулар, антибиотиктерді дұрыс қабылдамаудан болатын екіншілік инфекцияны оппортунистік микобактериоздан ажырата алған дұрыс. Екіншілік микобактериоз көбінесе СПИД-пен ауырған адамдарда болады.



? Осыған байланысты олар ассоцирленген СПИД және индикаторлы СПИД инфекциялары деп аталады. Туберкулез микобактерияларының қоздырғышына қарағанда оппортунистік микобактериоздар туберкулезға қарсы химиотерапиялық препараттарға сезімталдығы төмен келеді. Бұл аурулармен күресуде келесі препараттар қолданылады: рифампицин, пиразинамид, стрептомицин, этамбутол, этионамид, амикацин. Сонымен қатар антибиотик түрін мұқият таңдау қажет.



? Туберкулез микобактерияларының бактериоскопиялық диагностикасының ерекшеліктері. Бактериоскопиялық зерттеуге науқастан ірің, қақырық, зәр, плевра қуысының цереброспиналды сұйықтығы жұлын сұйықтығы алынады. Жұғындыны алып Циль-Нильсен әдісі бойынша бояйды немесе люминесцентті микроскопия қолданылады.



? Бактериологиялық әдісті жүргізу үшін зерттелетін материалды Левенштейн-Йенсен ортасына егеді. Бөлінген дақылды идентификациялау дақылдық, биохимиялық және басқа да тесттер соның ішінде түрлі температуралық диапазондарда 22С ден 52С аралығында өсуі және амидазалық белсенділігін анықтау бойынша жүргізіледі.



МИКОЗДАР

- ? Оларға шартты- патогенді *Aspergillus*, *Candida*, *Mucor* саңырауқұлақтарымен шақырылатын микоздар тобы жатады. Олардың кейбіреуі, мысалы *Candida* адамның қалыпты микрофлорасының құрамына кіреді. Дегенмен көпжағдайда олар диабет, лейкоз, лимфасаркома, иммунодефицит , СПИД ауруларын ауырлатады. Сонымен қатар антибиотиктерді (тетрациклиндер, кортикостероидтар, сәулелі терапия) көп қолданатын науқастарда осы саңырауқұлақтар өзінің патогенді әсерін көрсетеді.





? Candidaлардың әртүрлі түрлері табиғатта кеңінен таралған. *C. Albicans* адам ағзасының қалыпты микрофлорасының негізгі өкілі болып табылады. Олар қоршаған орта факторларының әсеріне тұрақты. Арнайы профилактикалық препараттар ретінде өлі вакциналар қолданады. *C. albicans* штамдары 3 сероварға – А, В және С бөлінеді. Спора түзетін сахаромициттер мен аспорогенді ашытқы саңырауқұлақтарының жалпы антигендері бар.



Опportunистік микоздың диагностикасын анықтау өте қиын. Ол комплексті микробиологиялық, иммунологиялық және патоморфологиялық зерттеулер арқылы жүргізіледі.

? Серодиогностиканы агглютинация, КБР, Преципитация, иммуноэлектрофорез және т.б. әдістердің көмегімен жүргізіледі. Тері аллергиялық сынамаларды қою үшін әртүрлі алергендерді пайдаланады.




? Зерттеу үшін микроскопиялық, дақылдық, биохимиялық және серологиялық әдістер жүргізіледі. Патологиялық материалдан бүршіктенген ашытқы жасушаларын және псевдомицелия элементтерін табу мақсатында микроскопиялайды. Сабуро ортасында немесе сусло-агарда 20 C° мен 37 C° -де патологиялық материалды дақылдайды. *Candida* туысының саңырауқұлақтары екен соң 2-3ші күндері ұсақ дөңестенген колониялар түзеді, олар бір-бірімен қосылып іріленген түзілістер құрайды.



? *Candida* туысының әр түрлі түрдері кандидоз ауруының қоздырғышы болып табылады. Көбінесе *C. Albicans* ауру тудырады. Олар ашытқы саңырауқұлақтары сахаромициттерге жақын. Патологиялық материалдарда және дақылданғанда овальді, бүршіктенген жасушалар және псевдомицеллалар түзеді. *C. Albicans* жай қоректік орталарда 28 С°-37С° жақсы өседі.



Candida albicans - Corn meal agar, MMBC UTMB



ПРОФИЛАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ЕМДЕУ ТӘСІЛІ.

- ? Спецификалық профилактикалық өнімдердің сапасын жақсарту үшін әрқашан өлі вакциналар (аутоштамдардан жасалатын) қолданылады. Химиотерапевтикалық өнімдерге полиен (нисталгин, леворин, аморотерицин В және т.б) антибиотиктер қолданылады және имидазолдың туындылары (клотримазол, конестен, 5 – флуцитозин (анкотил) флуконазол және т.б) қолданылады.



ҚОРЫТЫНДЫ

- ? Микобактериоздар- патогенді микобактериялармен байланысты аурулар. Микоздарға шартты- патогенді *Aspergillus*, *Candida*, *Mucor* саңырауқұлақтарымен шақырылатын микоздар тобы жатады. Оппортунистік микоздың диагностикасын анықтау өте қиын. Ол комплексті микробиологиялық, иммунологиялық және патоморфологиялық зерттеулер арқылы жүргізіледі. Спецификалық профилактикалық өнімдердің сапасын жақсарту үшін әрқашан өлі вакциналар (аутоштаммдардан жасалатын) қолданылады.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ? Клиникалық микробиология: (оқу әдістемелік құрал)
Сейтханова Б.Т, Алимжанова Ғ.Т, Омарова Г. С, Қонысова Х.С, Курманбекова Ш.Ж. Шымкент-2013-176 бет.
- ? Рамазанова Б.А., Құдайбергелұлы Қ. Медициналық микробиология оқулық АЛМАТЫ 2010ж
- ? Медицинская микробиология: оқулық. Б.А. Рамазанова(ж. б.); ҚР Білім және ғылым министрлігі.
Алматы-2011-200экз
- ? Микробиология: учебник/ под ред В.В.Зверева, М.Н. Бойченко. Москва-2012-30экз
- ? У.Т.Арықпаева., А.Н.Саржанова., Е.Х.Нуриев.
Медициналық микробиология оқу құралы 1-2 том-
Қарағанды 2012

